

СЕМЕЙ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫ

СӨЖ

Тақырыбы: Физиологиялық зерттеу әдістері



Жоспар:

I. Кіріспе;

II. Негізгі бөлім:

2.1. Физиология түсінігі;

2.2. Физиология мақсаттары;

2.3. Физиологияның зерттеу әдістері;

III. Қорытынды;

IV. Пайдаланылған әдебиеттер.

Кіріспе:

Физиология (грекше *physis* – табиғат, *logos* – ғылым) тірі организм мен оның жеке жүйелері, ағзалары, тіндері және жасушаларының әрекеттерін, тірліктерін зерттейтін биологиялық ҒЫЛЫМ.



Физиология организм жүйелері мен ағзалардың бір-біріне әсерін, өзара байланысын және сыртқы ортамен қарым-қатынасын көрсетеді. Сонымен қатар ол әрекеттерді жас кезеңдеріне байланысты онтогенез және эволюциялық даму барысында бақылайды.



Физиология мақсаттары:

- Организмнің және оның әрбір құрылымының қызметін ұғымын арқылы болашақ мамандардың әрекеттік және клиникалық ойлау қабілеттерін жетілдіру;
- Физиологиялық зерттеу әдістерін үйрету арқылы әрекеттік диагностика дағдыларын қалыптастыру;
- Физиология ғылымының қағидаларымен таныстыру арқылы адам денсаулығын тиімді ұйымдастыруды үйрету;
- Әрбір адамға денсаулық деңгейін анықтау мен бағалау және нығайту тәсілдерін үйрету.

Физиологияның зерттеу әдістері

Бақылау

Тіркеу

Тітіркендіру

Электрoфиз
иологиялық


Өткір
тәжірибе

Созылмалы
тәжірибе

Аспаптық


Бақылау әдістері

Физиологиялық құбылыстарды қалыпты жағдайда және әр түрлі әсерлерден кейін қадағалауға мүмкіндік береді. Тірліктік әрекеттер жылжымалы болғандықтан, бұл әдетте, 2-3 үрдісті қамти алады.



Тіркеу әдістері

Физиологиялық құбылыстарды
механикалық және электрлік тәсілдермен
жазып алады



Тітіркендіру әдістері

Тірі құрылымдардың, ағзалар мен тіндердің күйін өзгерту мақсатымен механикалық (кесу, түйреу), биологиялық (егу, уландыру), химиялық (тұздар, қышқылдар, дәрілер), физикалық (дыбыс, сәуле, электр ағыны, температура, т.б.) түрткілердің әсерін қолданады.



Электрофизиологиялық әдістер

Қозғыш тіндер мен ағзалардың электрлік құбылыстарын және әртүрлі электрлік емес көрсеткіштерді (ультрадыбыс, электромагнит толқындары, т.б.) тіркегіш мен күшейткіштер қолданып осы амалмен тіркейді.




Өткір тәжірибе әдістері

Жануарларға вивисекция (тәнтілу), олардың мүшелерін, ағзаларын, тіндерін оқшаулау тәсілдерін жасайды.



Созылмалы әдістері

Жануарларға тірідей операция жасап, олар жазылғаннан кейін ұзақ уақыт бақылайды. Бұл әдісті физиологияға алғаш енгізген И.П. Павлов болатын, сөйтіп ол организмді бөлшектеп қараудың (анализ) орнына, біртұтас жүйе ретінде (синтездік) тексеруге мүмкіндік жасады.



Аспаптық әдістер

Физиологиялық зерттеулер нәтижесінде медицинаға әртүрлі үрдістерді тексеру, ауруларды анықтау (диагноз) және емдеу (терапия) үшін арнайы аспаптар ұсынады



Қорытынды:

Физиологиялық зерттеулер жүйелі түрде жүргізіледі. Организмнің қызметін жүйелі түрде зерттеу ондағы көптеген физиологиялық жағдайларды түсінуді жеңілдетеді. Сондықтан тірі организмді әрекеттік жүйелер теориясының тұрғысынан зерттеу басталды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- Сәтбаева Х. Қ., Өтепбергенов А. А., Нілдібаева Ж. Б., “Адам физиологиясы”, 2005 ж., 7-11 беттер;
- www.google.kz



***НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ!!!***